**"Концессияға беруге жатпайтын объектілердің тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 5 наурыздағы № 294 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 28 желтоқсандағы № 1418 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

«Концессияға беруге жатпайтын объектілердің тізбесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 5 наурыздағы № 294 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі С. Ахметов*

**«Концессияға беруге жатпайтын объектілердің тізбесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 5 наурыздағы № 294 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы**

**ҚАУЛЫ ЕТЕМІН**:

1. «Концессияға беруге жатпайтын объектілердің тізбесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 5 наурыздағы № 294 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2007 ж., № 7, 80-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Концессияға беруге жатпайтын объектілердің тізбесінде:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Мынадай қалаларды сумен жабдықтауды қамтамасыз ететін су шаруашылығы құрылыстарын (су жинағы құрылыстары, сорғы станциялары, тазартқыш су құбыры құрылыстары) қоспағанда, ерекше стратегиялық маңызы бар су шаруашылығы құрылыстары (бөгеттер, гидротораптар, басқа да гидротехникалық құрылыстар):

1) Астана;

2) Алматы;

3) Ақтау;

4) Ақтөбе;

5) Атырау;

6) Қарағанды;

7) Көкшетау;

8) Қостанай;

9) Қызылорда;

10) Павлодар;
11) Петропавл;
12) Талдықорған;
13) Тараз;
14) Орал;
15) Өскемен;
16) Шымкент;
17) Семей;
18) Түркістан;
19) Теміртау;
20) Екібастұз;
21) Рудный;
22) Жезқазған;
23) Кентау;
24) Балқаш;
25) Жаңаөзен;
26) Сәтпаев;
27) Ақсу;
28) Риддер;
29) Арыс;
30) Степногорск;
31) Шахтинск;
32) Саран;
33) Қапшағай;
34) Арқалық;
35) Лисаковск;
36) Приозерск.».

2. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК